

Алматы қаласында Нұрғиса Тілендиевке ескерткіш орнату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 11 мамыр N 699

"Халық қаһарманы" атағының иегері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, халық әртісі, аса көрнекті композитор Нұрғиса Тілендиевті мәңгілік есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы қаласы әкімінің конкурстық негізде жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен Алматы қаласында Нұрғиса Тілендиевке ескерткіш орнату туралы Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігімен келісілген ұ с ы н ы с ы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Нұрғиса Тілендиев ескерткішінің идеялық-көркемдік деңгейін

бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мәдениет комитетіне жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.